

## Бисенбаев П.<sup>1</sup>, Сағындықов Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: fazyl\_bisenbaev@mail.ru

<sup>2</sup>ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sagyndykn@mail.ru

### «ЕСКЕНДІР-НАМЕ» – ӨСИЕТ-НАҚЫЛҒА ҚҰРЫЛҒАН ПОЭМА

Ескендір Зұлқарнайын туралы жыр-аңыздардың әлем әдебиетінде алатын орны ерекше. Тіпті оның бейнесі «Құран хикаяттары» мен «Қиссас-ул-Әмбияда» көрініс тапқаны мәлім. Мұсылман жұртшылығына діни кітаптар арқылы танылған Ескендір оқиғасы Фирдоуси, Низами, Әмір Хұсырау, Науаи, тағы басқа шығыс классиктерінің басты тақырыбына айналды. Күллі шығысқа «Ескендір-наме» атымен мәлім болған шығармалар жиынтығы осылай пайда болды. Бұл туындылардың тақырыптары ортақ болғанымен, айтар ойы, көтерген мәселесі, оқиғалар желісі бір-біріне мүлде ұқсамайтын. Өйткені олардың әрқайсысы өз заманының, өз ортасының өзекті мәселелерін қозғаған болатын. Бір мақала шеңберінде ілгеріде аттары аталған шығыс ақындарының шығармаларын түгел қамтып жазу мүмкін емес, әрине. Сондықтан мақала авторлары Фирдоусидың «Шахнамасындағы» Ескендір оқиғасы мен Низамидің «Ескендір-намесін» қатар алып қарастырғанды жөн көреді. Зерттеушілер аталмыш шығармалардағы жоқшылық пен таршылыққа жол бермеу, адамға қызмет ету, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, өмір мен өлім жайы, адам үшін бақыт пен бостандықтың қаншалықты қажет екені сияқты мәселелердің көркемдік шешімін іздестіреді. Әрі қарай «Ескендір наме» – өсиет-нақылға құралған поэма, ол елді басқарушылар мен билеушілерге бағыт беретін туынды», – деген тоқтамға келеді.

**Түйін сөздер:** эпос, дидактикалық толғамдар, қайта өрлеу, поэма, әділ билеуші, жанр, сюжет, сопылық, аңыз, фольклор.

Bissenbayev P.<sup>1</sup>, Sagyndykov N.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Senior Lecture, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: fazyl\_bisenbaev@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Philological Science, Senior Lecture, Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: sagyndykn@mail.ru

### “The Tale of Iskander” – a poem of covenants and teachings

A special place in the world literature is occupied by poem-legends about Iskander Dvirog. It is well known that his image is embodied even in “Koranic legends” and in the poem “Kissas-ul-Ambiya”. The Muslim peoples were acquainted with the stories about Iskander through themes often used in the works of Firdausi, Nizami, Amir Khosrow, Navoi and other Eastern classics. In all of the East, these legends became known as Iskander-name. And, although the theme of all these works was central, the ideas expressed in them, the problems raised in them and the system of events are completely different from each other. Therefore, each of these names was the engine of the actual problems of their environment, their time. Of course, within the framework of one article it is impossible to fully cover all written by the above-mentioned Eastern poets. Therefore, it will be right to consider works by such authors as Firdausi (“Shakhsname” describing Iskander) and Nizami (“Iskander-name”) in the same row. Researchers of the above-mentioned works conduct an artistic search in the study of such problems as poverty and deprivation, serving people, fighting against violence, life and death, freedom and happiness of man. They come to the conclusion that the poems “Iskander-name” is a poem of covenants and teachings, giving the rulers wisdom of government.

**Key words:** epic, didactic reflections, revival, poem, just ruler, genre, plot, Sufism, legend, folklore.

Бисенбаев П.<sup>1</sup>, Сағындықов Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: fazyl\_bisenbaev@mail.ru

<sup>2</sup>к.ф.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: sagyndykn@mail.ru

### «Сказание об Искандере» – поэма заветов и поучений

Особое место в мировой литературе занимают поэмы-сказания об Искандере Двурогом. Хорошо известно, что его образ воплощен даже в «Коранических сказаниях» и в поэме «Киссас-ул-Амбия». Мусульманские народы были знакомы с сюжетами об Искандере посредством тем, часто используемых в творчестве Фирдоуси, Низами, Амира Хосроу, Навои и других восточных классиков. На всем Востоке эти сказания стали известны под названием «Искандер-наме». И, хотя тема всех этих произведений была центральной, высказанные в них идеи, поднимаемые в них проблемы и система событий совершенно отличны друг от друга. Поэтому каждое из этих произведений было двигателем актуальных проблем своей среды, своего времени. Конечно, в рамках одной статьи невозможно полностью охватить все написанное в давнее время упомянутыми восточными поэтами. Поэтому правильно будет рассмотреть в одном ряду произведения таких авторов, как Фирдоуси («Шахнаме», описывающем Искандера) и Низами («Искандер-наме»). Исследователи указанных выше произведений ведут художественный поиск в исследовании таких проблем, как бедность и лишения, служение людям, борьба против насилия, жизнь и смерть, свобода и счастье человека. Они приходят к выводу, что поэма «Искандер-наме» – это поэма заветов и поучений, дающая властителям мудрость правления.

**Ключевые слова:** эпос, дидактические размышления, возрождение, поэма, справедливый правитель, жанр, сюжет, суфизм, сказание, фольклор.

### Кіріспе

Рас, соңғы жылдары қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеуге арналған бірқатар құнды еңбектер өмірге келді. Алайда, қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін зерттеуге арналған мұндай ғылыми еңбектер өзара жалғаспай, бірін бірі толықтырмай, сол арқылы ежелгі дәуір әдебиет тарихының тұтас картинасын жасамай, әрқайсысы жеке-жеке күйінде қалып отыр. Бұл күрделі түйінді қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығын жан- жақты зерттеу арқылы ғана шешу мүмкін. Сонымен, бүкіл қоғамдық ой сананы қайта құрып, күллі қазақ елінің әдеби, мәдени, қоғамдық, әлеуметтік жалпы рухани тарихы қайта жазылып жатқан бүгінгі таңда көне әдеби түркі ескерткіштерін зерттеудің өзі жеткіліксіз болып отыр. Ендігі міндет ежелгі тарихтың түрлі кезеңдерінде өмірге келген әдеби шығармалардың бірінен-бірі туындап жататын ішкі логикалық байланыстарын, өзара ықпал әсерін, даму жолдарын жаңа көріктеу құралдарының пайда болуы, т.б. белгілерін талдау болып табылады. Сол арқылы ғана біз көне түркі әдеби ескерткіштері мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығы бір сәтке де үзілмей жалғасып, ұласып келе жатқанын ғылыми негізде дәлелдей аламыз. Демек, қазақтың өзіндік төл әдебиетінің қандай жолдармен қалыптасқанын танып білеміз. Бейнелеп айтсақ, қазақ поэзиясының ХҮ ғасырға де-

йінгі белгілі себептермен бұлақ көздері бөгіліп қалған кең арналарын ашып, бүгінгі ұрпақтың сол ежелгі рухани дарияларынан еркін сусындауына мүмкіндік туғызар едік. Ал, мұның өзі қазақ әдебиетін зерттеушілердің алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады.

### Негізгі бөлім

#### «Шахнамадағы» Ескендір болмысының қайшылықты табиғаты

Фирдоуси, қалай дегенмен, көне дүниенің қызықты оқиғаларын өзгеріссіз, сол қалпында баяндаушы автор емес. Ақын кейде Ескендір образын бейнелеу барысының шектеулі, эпикалық қалыптан шығып, өз кейіпкерінің ішкі әлеміне бойлауға күш салады. Оның Ескендірі өте сезімтал, нәзік және жаны жайсаң адам, мұндай қасиеттердің қаһарлы билеуші болмысына үйлеспейтіні анық. Ескендір төңіректе болып жатқан жайттарды жүрегіне жақын алады, Фирдоуси болса оның көңіл-күйін шеберлікпен суреттейді. Адамның сан қырлы күрделі ішкі әлемі Фирдоуси заманындағы ортағасырлық парсы әдебиетінде жасалған жоқ. Фирдоусиде адамның жан-дүниесіндегі өзгерістер кейіпкердің сыртқы пішінін сипаттау арқылы беріледі. Қаһарманның кескін-келбеті қандай, айналада болып жатқан өзгерістерге қалай құбылады, т.б. ақын назарынан тыс қалмайды. Мұндай сипаттамалардың оқырман көзіне бір-

ден шалынатыны мәлім. Мысалы, шығармадағы брахмандар «әлемнің құпия сырын білуге құштар» Ескендірге мына дүниенің баянсыздығын түсіндіреді. Ескендір абыз сөзін жанын салатындайды:

Ескендір түсі өзгеріп, құлақ салды,  
Сарғайып, алаң күйге ене қалды.  
Бет-жүзін сол мезетте әжім басып,  
Еріксіз көзден жасы сорғалады (Фирдоуси, 1964: 292).

Ескендірдің ішкі әлемінің сыртқы суреті Фирдоусиде қашанда жарқын, әсерлі. Адамның жан сарайын қимыл-әрекет, ым-ишара арқылы көрсету-халқымыздың батырлық жырларында, тіпті көне эпос түрлерінде де бар. Е.М. Мелетинский: «Сыртқы қимыл-әрекет арқылы көңіл күйді бейнелеу жолы эпосқа тән белгі», – деп өте дұрыс айтады. (Мелетинский, 1968:105). Бірақ парсы ақыны үшін эпикалық амал-тәсілдер ауқымында жұмыс жасау аздық ететін сияқты: оның Ескендірінің психологиялық тұрқы эпос қаһарманына қарағанда өзгеше. Мәселен, Фирдоусиде ішкі көңіл-күйдің дәстүрлі әрекет-амалдар арқылы берілмеуінде емес, Ескендір мінезінің күрделілігінде, қайшылықты табиғатында (ерлігі нәзік сезімталдықпен астасып жатыр, қайсарлығы өкінішпен қабаттасып келеді). Сөйтіп, Фирдоусиде эпикалық идеал туралы түсінік ыдырай бастайды.

Эпос кейіпкерінің мүмкіндігі мол, оның тағдыр-талайы өз ырқына бағынады. Ал енді ортағасырлық адамның алдында аттап өтуге болмайтын нақты шекара бар. Мәселен, фәни дүниеде адам баласы белгілі бір таным шеңберінен аса алмайды, ал оның сыртында бір ғана Жаратушыға мәлім тылсым әлем жатыр. Жазған құлға ол жаққа баратын жол жоқ. Ал бақ сынап, сол бағытқа көз тіккен адамның күллі амал-әрекеті ашкөздік ретінде қабылданады. Фирдоусидің адам және әлем туралы түсінігі, эпикалық және ортағасырлық таным түгелдей бір-бірімен астасып жатыр. Мұнда, сөз жоқ, кейіпкердің дүниені жаулап алуға әрі оны танып, білуге деген ұмтылысы айыпталады. Брахман Ескендірге:

Тәубене кел! Ашкөздікке келдің кез,  
Қан төгілер соғыстардан енді без  
(Фирдоуси, 1964:298) – дейді.

Сонымен, эпос қаһарманының күллі әлемді билеуге бағышталған сапары трагедиялық қалыпқа ауысады. Болашақты болжайтын құстар, жақұттан жасалған сарайдағы алтын тақта жайғасқан өлі денелер, Жаратқаннан хабар

күтіп тұрған Исраил – бәрі-бәрі Ескендірге дүниенің баянсыздығын ескертеді, күллі әрекетінің бос әурешілік екенін айтады. Кейіпкер жапанда жалғыз қалғандай болады. Ескендір ештеменің байыбына бара алмай меңіреу күйге түседі. Ет пен сүйектен жаралған қарапайым пенденің бірдене іздеп жүргенін тірі жанға ұғындыра алмайды.

Көріп тұрғанымыздай, еуропалық ескендірнамада бұл идея болды. Ескендір алыс елдерді аралай жүріп, дүниенің жалғандығына көз жеткізеді. Бірақ ондағы Ескендірдің сенімі кейіпкердің сана-сезімінің қаншалықты ояу екенін көрсетеді. Жаңа білім көкжиегіне қол жеткізген Ескендір ізденістен бас тартпайды. Фирдоусидегі кейіпкерлер, Жаратушының хабарын жеткізушілер Ескендірді тезге салып, бәрінен бас тартуға, тек қана қаза келер соғысты, дәм таусылар күнді ойлауға шақырады.

Сондықтан, соңғы көріністе сөйлейтін ағаштың Ескендірге: «Алдамшы биліктен бас тарт!» – деп бұйрық беруі қайғылы ахуалды танытады. Ескендірдің көңілі түсіп, сағы сынғандай болады.

Қайғырып шаһ ағаштан алыс кетті,  
Өкініш от кеудесін тіліп өтті (Фирдоуси, 1964:299).

Әкім-қара оған небір ғажап сыйлықтар ұсынады, бірақ мұндай әдемі дүниелерге балаша қуанатын Ескендір қабағын ашпайды, немқұрайлылық танытады.

Әкімдерге барып патша алғыс айтты,  
Көзінен жас сорғалап кері қайтты  
(Фирдоуси, 1964:300).

Бұл жерде Фирдоуси, сөз жоқ, брахмандарды құптады. Сол дәуірдің адамы болғандықтан, дүниенің жалғандығына кәміл сенеді және ол жайында жиі сөз қозғайды. Бірақ Фирдоуси фәниді тәрк еткен тақуа ақын болған емес, өмірге құштар жайдары жан еді. Фирдоуси адам баласы тұтынатын әрқандай заттардың өзін үлкен махаббатпен суреттейді. Парсы ақыны өмірге жан-тәнімен ғашық болады. Ескендірдің көріп-кел құстармен диалогы соның бір дәлелі болса керек. Олар жиһангерден: «Өмірден керегіңнің бәрін алдың ба?» – деп сұрайды:

Шаһ айтты: «Тірілермен тірлік қылып,  
Жер-жаһанның қуанышынан құр қалдым.  
Өмір өзі әділ жанға берер бұрып,  
Бақыты үшін жамағаттың мен жандым»  
(Фирдоуси, 1964: 311).

Бұл тұста да эпостық пен ортағасырлық софьлық идеялар тоғысады. Жалпы, бұл екі ұғым түсінуге бір-бірінен соншалықты алыс жатқан жоқ. Ортағасырлық эпос үлгілері де адам мүмкіндігінің шектеулі екенін үнемі ескертіп отырады. Ортағасырдағы әдебиет пен фольклорлардың дүниедегі адамның орны мен қызметі туралы ұстанымы бір-біріне қайшы келеді деп айта алмаймыз. Қалай дегенмен, эпос әлемі – бұрынғының мінсіз қалпын, ерлікке толы өмірін суреттейтін жабық әлем. Қаһармандық эпостың соңын ала айтылатын дидактикалық толғамдарда кейіпкер өзі өмір сүрген уақыттың мүмкіндігін сарқып тауысқан, келмеске кеткен мінсіз кезең ретінде сипатталады. Ал ортағасырлық әдебиет үшін адам мүмкіндігінің шектеулі екендігін үнемі ескеріп отыру – заңды құбылыс. Тіпті олардың жердегі өмірге де көңілі толмайды. Ортағасырлық түсінік бойынша бақытты, мамыражай өмір ана дүниеде ғана болады.

Фирдоуси өмірдің қуаныштарына баға бергенде, алдымен, эпикалық идеяға басымдық береді, екінші жағынан, осы идеалдың қадір-қасиетіне күмәнмен қарайды. Ол осы жарық дүниені өте қатты жақсы көреді. Сондағы келеңсіз істерге жирене қарайды. Ақын ел тонап, кісі өлтіруге қатысқан Ескендір әрекеттерін құптамайды. Сондықтан күллі әлемді жаулап алуды мақсат тұтқан билеушіге бейбіт өмірді ту еткен брахманды, ханшайым Кайдафаны, Арастуды қарсы қояды. Брахмандар Ескендірге ашкөздігі үшін ғана кінә артпайды:

Неге әлемді құмар болдың жаулауға,  
Соғыс өрті жетті, міне, алқымға, – дейді  
(Фирдоуси, 1964:293).

Фирдоусидің кейде эпикалық қаһарман мінезіндегі тұтастықты бұза отырып, Ескендірдің «зұлымдық ұялаған жаны» туралы, жамандықпен суарылған ойлары жайында айтып қоятыны бар. Эпос антикалық шығармаларда кездесетін Ескендір мінезіндегі қайшылықтар Фирдоусиде ақынның жеке дүниетанымы мен дәстүрлі эпикалық идеалдың үйлеспеуінен туындағандай көрінеді.

Сонымен, Ескендір мен оның жорықтары Фирдоусиде эпос қалыптастырған құндылықтарға жақын келеді. Алайда оның өзі жаңа идеялармен қарым-қатынасқа түсіп, үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Сондықтан шығарманың көлемі ұлғайып, мазмұны күрделене түседі (Бертельс, 1965:290).

Екіншіден, «Шахнаманы» қайта өрлеу ке-

зеңінің жемісі ретінде қарастыруға толық негіз жоқ (Брагинский, 1956:56). Ескендірдің белсенді іс-қимылы, оның жер-жаһанды, барша әлемді тануға деген ұмтылысы т.б. сөз жоқ, эпос кейіпкеріне тән қасиеттер емес. Әрине, азаттық пен ұлылықтың жаршысы болған тарихи тұлға болмысы X-XI ғ. парсылық қайта өрлеу кезеңінің алғашқы адымдарын байқатады деп тұжырымдауға болады. Алайда жаңалықтың нышаны жылт еткенмен, ескі көзқарас есесін жібермейді. Ол тұста адамның арман-мақсаты, ерік-жігері, ұмтылысы толық азат болған жоқ, сыртқы күштер Ескендірді қалыпты шекарадан асырмайды. Қайта жаңғыру идеясы жарқ етіп тұтанады да, жалп етіп қайта өшеді. Адамның шектеулі мүмкіндіктерін ғұлама ақын қайта қарауға жатпайтын заңдылық деп түсінеді (Конрад, 1972:89).

«Шахнаманың» Ескендір туралы тарауы халық эпосына тән айрықша бояулармен ерекшеленеді. Тіршіліктегі әрқандай істердің бәрін бос әурешілік ретінде қабылдайтын ортағасырлық идеология ықпалына қарамастан, Ескендір туралы әңгіме өзінің өжет оптимизмімен таң қалдырады. «Мұнда ежелгі дүниенің қызық-қуаныштары көз алдына елестеп, еліктіріп әкетеді. Көненің той-томалағы, шайқастары, жойқын жорықтары әсерлі сипатталады. Бұл – фольклорлық үлгілердің ықпалы анық байқалатын әдеби шығарма» (Османов, 1959:67).

Мұндай әдеби фольклорлық жымдасу белгілері әдеби дамудың алғашқы кезеңдерінде ғана кездеседі. Фирдоуси – ортағасырлық классикалық парсы әдебиетінің алғашқы көшбасшысы. Әрі қарай әдебиеттің алғашқы кезеңі артта қалған соң, Ескендір туралы туындыларда жаңа идея пайда болды, олар басқа мақсаттарға бағынды.

**Низами поэмасындағы мінсіз билеуші бейнесі.** Низамидің бес поэмасының ішінде «Ескендір-наме» – ең кешірек жазылғаны, яғни оның өлерінен аз уақыт бұрын ғана туған дүние. Бұл поэманың оның шығармашылығында алатын орны үлкен, өйткені ол – оның өсиетіне айналған туынды. Көлемі мен маңызы жағынан бұл поэма Фирдоусидің «Шахнамесіндегі» Ескендір туралы хикаядан басым түседі. Низами үшін Ескендір – ирандық патшалардың бірі емес, ол – Рум (Византия) билеушісі. Бірақ Иран тарихында айтарлықтай орын алмаған Ескендір Рум тарихына да енген жоқ: өйткені Низамиді тарих қызықтырмайды. Ақын шығармашылығында басты назар – жалпы адами құндылықтарға аударылады. Ескендір өмірі – осы құндылықтарды танып-білуге негізделген.

Поэмаңың өзгешелігі, ол патшаларды Ескендір үлгісінде елді қалай басқару керектігіне үйретеді. Бұл жағдайда Ескендір – мінсіз билеуші, ал оның қызметі – мінсіз басқарудың үлгісі. Е.Э. Бертельс осы бір тақырыптың Низамидің ертеректе жазылған поэмаларында қалай көрініс тапқанына мән бере келе, «Ескендір-наме» арқылы негізгі түйіні жасалды деп есептейді.

Поэмадағы проблемалық мәселелерге кең түрде назар аударып қарағандардың бірі – А.О. Маковельский. Оның ойынша, Низами үш мәселенің түйінін шешеді: олар – қоғамдық құрылыстың қайсысы жақсы деген мәселе және шынайы білім мен шынайы діннің кілті неде. Поэмада мінсіз мемлекеттің екі түрі аталады: мінсіз билеуші келген жағдайда ғана қазіргі мемлекеттік құрылысты сақтап қалуға болады, ал қазіргі құрылыс талқандалған жағдайда қоғамдық теңдік орнайды. Маковельскийдің айтуынша, Низами мінсіз билеуші Ескендірдің образын жасағанмен, ары қарай оның істі соңына дейін бітірмегенін көреді және өзі жасаған образды әшкерелеп, жоққа шығарады: «Низамидің «мінсіз билеуші» дегеніміз орындалмайтын арман екеніне және қоғамдағы әділетсіздікті жою қоғамдық құрылысты түбірімен өзгерткенде ғана мүмкін болатынына көзі жетеді» (Маковельский, 1947:65). Мұндай болжам, әрине, артығырақ болуы да ықтимал, өйткені XII ғасырда қоғамдық құрылысты түбірімен өзгерту керек деген төңкерістік идея ақынның үш ұйықтаса түсіне кірмеуі мүмкін. Сонда осыншама уақыт бойы мінсіз билеушінің образын жасап, сосын соңғы тараулардың бірінде оның дәріменсіздігін көрсетудің не қажеті бар? Біздіңше, ақын алдына басқа мақсат қойған сияқты. Алайда А.О. Маковельский көрсеткен басқа екі проблема шынында да өте маңызды және олар поэмаңың негізгі идеялық желісінен алшақ кете алмайды.

Низами «Ескендір-наме» арқылы не айтқысы келді? Алғашқы тарауларда-ақ ақын өзінің байыпты көзқарасын танытады:

Бұл жазба құпия әлемнің көмбесі жайлы  
Мен көп қазыналардың кілтін аштым (Низами, 1957:69)

Бұл әдеттегі өзін-өзі мақтау емес. Ақын өзінің бірде-бір шығармасына дәл «Ескендір-намедегідей» терең идеяны енгізбеген. Поэма көп нәрсеге адамның көзін ашады. Өмірінің соңында ақын әлемде не болып жатқанына мән берместен, бәрін ұмытып, поэмаға барлық күшін жұмылдырады:

Алғашқы тарауларда ақын Ескендірдің мінсіздігі туралы аз сөз етеді, ол көргенсіздік пен жаман қылықтарды айыптап, өзінің поэмасын солармен күресуге арнағысы келеді, сөйтіп, адамдарға өмірдің шынайы жолын ашып беруге тырысады (Бойназаров, 1990:272).

Низамидің өмірге деген көзқарастары аздап сопылықты еске түсіреді. Екі өмір бар – өткінші жердегі өмір және аспани мәңгілік өмір. Адамдар өлім туралы ұмытып, қамсыз-қайғысыз жүре береді, алайда олар жердегі іңкәрлікке елти бермей, өлімді әрқашан естен шығармағандары жөн.

Тақ тұрғызғаннан не пайда,  
Негізгі орнымыз – көр, тақ емес (Низами, 1957: 251).

Ақын тіршіліктің қам-қарекетінен арылып, мәңгілік өмірге дайындалуды үндейді.

Низами мен сопылықтың ұқсастығы осымен бітеді. Е.Э. Бертельс: «Низамидегі сопылық әлемнен қол үзген аскеттердің патологиялық өзін-өзі бақылауы мен экстатикалық елесті іздеулерінен алшақ жатыр. Сопылықтың негізгі тірегі – болашақтағы өмір үшін тірлік ету, физикалық әлем деген – сағым ғана. Егер Низами де осы көзқарастарды ұстанған болса, мемлекеттің құрылымы туралы мәселелерге бас қатырмаған болар еді» (Бертельс, 1953: 448).

Айта кетейік, ақынды мемлекеттің құрылымы туралы мәселелер ғана толғандырып қоймайды, оған мәңгілік қазынаға апарар кілт – адам өмірінің ағысы қалай өтіп жатқаны да маңызды. Оның пайымдауынша, жердегі өмір – мәңгілік өмірдің бір бөлшегі. Низами әрбір адам бұрын өмір сүргендердің, сондай-ақ әсіресе болашақтың алдында да қарыздар деп есептейді. Жердегі өмірдің мәні – аспани өмір үшін қарыздан босау.

Сен әлемнің торыңдасың, қарыздарсың  
Қарызыңды өтесең, ол тордан құтыласың  
(Низами, 1947: 85).

Осы бір көзқараста Низамидің өзіндік гуманизмінің тамырлары жасырынып жатыр. Өлім алдында барлық адам тең – демек, жерде зорлық-зомбылық болмауға тиіс. Зорлық мәнсіз де мағынасыз, пайдасыз, ол тек адамды кемсітіп, қалғандарының өмір сүруіне кедергі жасайды. Зорлықтың қандай пайдасы бар, егер бәрі ақырында күлге айналып кететін болса? Зорлықты қарызды өтеумен қалайша біріктіруге болады? Бұл жерде Қытайға зор әскермен кетіп бара жатқан Ескендірге қытай ханының жауабын алсақ та жеткілікті:

Барлық үстемдік күлге айналғанша ғана  
Күлге айналғасын ешкім ешкімнен артық емес  
(Низами, 1947: 286).

Низами өмірдің мәні мен одан шығар адам тәртібінің нормаларын осылай түсінеді: мәңгілік өмірге дайындық барысында адам бәріне бойұсынып, туғанда маңдайына жазылған қарызынан әділ түрде құтылу керек. Жерде адамды кемсітетін зорлыққа жол жоқ. Адам ісінің негізінде оның басқа адамдарға пайдалылығы туралы принцип жатыр:

Бұл тірлікте ұзақ жылдар бойы  
Өзгеге кесірің тимейтіндей өмір сүр  
(Низами, 1947: 81).

Әрине, Низамидегі өмір пәлсапасы жабығынқылау, алайда ол тіптен де тақуалық емес. Мәңгілік өмірге дайындық жердегі игіліктер мен рақаттардан бас тарту дегенді білдірмейді. Ақын мұнда да жоқшылық пен таршылыққа жол бермеу керектігін айтады. Ешкімге зиянды тигізбестен өмір сүр. Ары қарай оның өлең жолдарында қобалжу сезімдері басымырақ:

Бүгінгі күнінде ойнап-күл,  
«Ертең» келгенде ертеңгі істі ойлармыз  
(Низами, 1947: 361).

Әрбір сәтінді бағалап, жеңіл өмір сүр,  
Өмірге жеңіл қараған адам жеңіл өмір сүреді  
(Низами, 1974: 362).

Осылайша, Низами «Ескендір-намеде» өзінің өмірге деген философиялық көзқарасын білдіріп, адам бақытқа жету үшін өмірде нені басшылыққа алуы керектігі туралы ережелерді анықтап береді. Низами осы ережелерді адамдарға жеткізіп, соған сендіруге тырысуды басты мақсаты етіп қойды. Бірақ оның поэмасы – философиялық трактат емес. Низами шынайы өмірдің жолын Ескендір қызметінің үлгісінде бейнелейді. Ескендір туралы оқиғалардың тарихи шындықтан алшақ екені белгілі, оның өмірінің әрбір эпизоды нақты бір моральдық жағдайлардың бейнелі материалына айналды, ал бүкіл өмірі өнеге. Ескендір жолы – бұл шындық жолы.

Низами Ескендір қызметін үш аспектіде қарастырады: алыс қиырларды жаулаушы, данышпан және әулие. Және бұл үш сипаттама оның дамуының ары қарайғы баспалдақтарын көрсетеді. Мінсіз билеуші – Ескендір дамуындағы төменгі саты. Шынайы ұлылыққа ол ғалым-философтармен сусындаған данышпандықты

игергеннен кейін және әулиелік атаққа ие болған соң қол жеткізеді.

Поэманың «Шараф-наме» деген бірінші тарауында Ескендір әділдік үшін күресуші, әлсіздердің қорғаны ретінде бейнеленген. Ол адамдарға бақыт сыйлаушы, солардың аман-саулығы үшін күресуші. Ескендір соғысты да әділдік үшін жүргізеді (Гаджиев, 1980: 44). Дарийдің қатігез басқаруынан езілген парсылар кедейлене түсті, ертеңгі күнге деген сенімдерін жоғалтты. Ескендір оларға осы бір сенімділікті қайта оралтты. Ескендірдің орыстармен соғысының себебі – жатжерліктердің Бердаға басқыншылық жасауы. Ескендір бақыт пен әділеттілік әкелді, ол – мінсіз басқарушы. Осы бір патшалық әділдіктің қозғаушы күші – Ескендірдің адамдарға деген махаббаты, оларды зұлымдық пен зорлықтан құтқаруға тырысуы.

Адам сүйгіштігінен ол қаншама жақсылық жасады,  
Оны түсіндіруге ақыл-ой жетпес (Низами, 1947: 87).

Әділдік сезімі Ескендірді алдаған кездер де болды. Ол Дарийді сатқындықпен өлтіруге қарсы болмады, әрине, бұл парсылардың өз патшасына деген наразылықтарына негізделген еді. Ескендір екі оттың ортасында қалды: әрине, өз жауынан осылайша құтылу оңай-ақ, бірақ осы әділдік пе? Ол жауын әркім де осылай мұқатады деп жұбатқанымен, қателескен еді. Ескендір Дарийді сатқындықпен өлтіруге келісім беріп, сосын өлтірушілерді жазалау арқылы әділетсіздік жасады. Енді ол өзін де осылай өлтіруі мүмкін екенін еске алады. Өйткені өзі көрсеткен үлгідегі сатқындықтан енді ол өзін арашалай алмайды. Ескендірге төгілген қанның есесі қайтады деп айтқанда ол қорқыныштан дірілдеп кетеді.

Ескендір әділдік үшін ғана емес, сенім үшін де күрескер. Ол зороастриялық пұтқа табынушылардың ғибадатханаларын талқандады. Дұрыс сенім болмаса, өмірдің шынайы мәні ашылмайды. Әділдік үшін күресті Ескендір құдайдың аманаты деп ұғады. Байтақ аймақтарды мінсіз басқару Ескендірге сенім мен жайбарақаттық бере қойған жоқ.

Ол қанша патша болғанмен,  
Бұл жол қайғы-қасірет жолы (Низами, 1947: 168).

Әрине, Ескендір бақытты, өзгелерді де бақытты ете алды, атақтың шыңына жетті, бірақ оның өмірі – қайғы-қасірет жолы, өйткені ол неге өмір сүріп жүргенінің мағынасын түсіне алған жоқ. «Шараф-наме» тарауында адамды өлтір-

мейтін су іздеу туралы айтылатын жер бар. Ескендір өз тағдырынан алар сыбағасын ұмытты, адамдардың алдында қарыздар екенін ұмытты. Бұл тарауды Низами былайша қорытады:

Егер біз үшін бірдеңе егілген болса,  
Біз де басқалар үшін егеміз (Низами, 1947: 381).

Ескендір өлмейтін өмірге ұмтылды. Өмірдің нағыз қайнар көзі – керемет бұлақта емес, өлімде. Адамзат алдындағы парызын өтеп, адам басқа әлемге аттанады – мәңгілік өмірдің мәні мен шынайы өлмес өмірге қол жеткізу деген осы.

Ол өмір бұлағына апаратын жол іздеді,  
Енді сол бұлақты тапты (Низами, 1947: 77).

Ескендір дамуының келесі сатысы – оның данышпандыққа ұмтылуы. Ол мінсіз басқарудың арқасында атақтың шыңына қол жеткізді, өлмес су іздеудің сәтсіз сапарына көндігіп, білімнің меруерттерін жинауға кірісті. Низами Ескендірдің рухани жетілу процесін сипаттайды (Крымский, 1981: 78). Ақын бұл жолда ақылнақылға құрылған, мінез-құлық туралы мысал-аңыздарды енгізеді. Оқырман алдында Шығыс данышпандығының көмбесі ашылады. Ескендір басқаша күйге енді. Ол Жаратушының алдына бой ұсынып, бұрынғы ұмтылыстарының атакқұмарлыққа құрылғанын түсінеді.

Мандайын жерге тигізіп иілді ол  
Жаратушының айтқанына көндігіп, бас иді.  
(Низами, 1947: 30).

Ескендір үнді ғұламасымен әңгімесінде данышпандық танытады. Мұнда ол Низамидің өмірлік философиясының негізгі жағдайларын баяндайды. Алайда ғылыми ой тереңдігінің шынайы әрекеті – әлемнің пайда болуы туралы мәселені талқылау. Осы мәселені шешу арқылы Ескендір білім шыңына жеткенін көрсетті, ары қарай жылжудың керегі жоқ.

Ескендір дамуының жоғары сатысы – әулиелік атаққа қол жеткізуі. Ескендір әлемнің төрт тарабын аралауға әуестенді, сол арқылы қалғып жатқан жандарды оятып, жарық ақыл-ойдың бетіндегі пердені жұлып тастамақ болды. Ескендір ғұламалар мектебінен өткендіктен әулиелікке дейін жетілді. Е.Э. Бертельстің айтқанымен келісе беруге болмас: «Патша – пайғамбар дәрежесіндегі халықтың құлы» (Бертельс, 1953: 356). Онда Ескендірге философиямен айналысудың не қажеті бар? Жоқ, данышпандыққа ие болу – адам

өмірінің шынайы жолындағы қажетті саты. Ескендір мінсіз билеуші және данышпан боп қала береді, бірақ пайғамбарлық – оның жердегі жетілген аманатының куәсі. «Аристотель, Сократ, Платонның ғұлама ойларымен қарулана отырып, Ескендір жердің әр түкпіріне шынайы сенім таратады» (Рустамов, 1963: 123).

Солтүстікке сапарында Ескендір мінсіз мемлекетке тап болады – ол жерде адамдардың бәрі тең құқылы, жеке меншік жоқ, адамның бәрі бақытты әрі ұзақ өмір сүреді екен. Бұл мемлекеттің сипаттамасы әдетте «утопия» деп аталады. Бұл мінсіз билеуші көрген мінсіз қоғам еді, ал, бір қызығы, бұл мінсіз қоғамда билеуші жоқ екен, Ескендір ұятқа қалғандай болды: бұл оның өзі іздегенінен де жоғары тұр.

Неге бұл ғажап мемлекетте адамдар жақсы өмір сүріп жатыр? Былай қарасаң, түсінікті сияқты: олардың қоғамы ұжымға біріккен, оларда бәрі ортақ, жері бай. Бірақ Низами бұл сыртқы ауқатты өмірді ақынның өзі насихаттап отырған моральға утопиялық қоғам адамдарының бой ұсынуымен түсіндіреді. Олар әділетті, зорлық-зомбылыққа жаны қас, өмірлері бақытқа толы. Олар Құдайға сенеді, олардың сенімі шынайы және оларға бақыт әкеледі, өйткені олар тек бір Құдайға ғана медет қылады. Өз істерінің дұрыстығын сезіну, әділдік пен шынайы сенімнің біріктірілуі – бұл адамдардың бақытты болуының кепілі.

Құдай не жаратса, соған көнеміз,  
Ешкімге жамандық жасағымыз келмейді.  
(Низами, 1957: 214).

Әрине, Низами тағы да өлім мен оған деген қарым-қатынас туралы айтады. Егер жер бетіндегі өмір әділетті болса, адамдар ана әлемге еш уайымсыз өтеді және бұдан қайғы-қасірет жасамайды, өйткені аспани өмір – жердегі өмірдің лайықты жалғасы, ол болмай қоймайтын нәрсе.

Өлгендерге көз жасын төкпеу – өмірлік өсиет  
Жер бетінде ажалдың дәрісі жоқ (Низами, 1957: 214).

Осылайша, Солтүстіктегі керемет мемлекеттің сипаттамасы Низами идеяларын дұрысқа шығаруға қызмет етті. Адамдар дұрыс өмір сүрді, керек бақытқа қол жеткізді. Мінсіз адамдармен кездесудің Ескендір мінезін дамыту үшін де маңызы болды. Осыншама ғажайып қоғамды көрген Ескендір өзінің қиялдары мен рақатқа толы ойларынан біржола арылады.

Ескендір осылайша үш кезеңді басынан өткізіп, бақытқа жетеді. Оның барлық тарихы

шындыққа апаратын жол болды. Низамидің өмірлік философиясында гуманистік сипаттар (адамға қызмет ету, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, адам үшін бақыт пен бостандықтың қаншалықты керек екендігі) басым, бірақ олар ортағасырлардағыдай діни үгіттің ішіне еніп кетті.

Низамиді әсіресе өмір мен өлім мәселесі қатты толғандырды. Ақынның өлімнің заңды нәрсе екені, о дүниенің өз қуанышы бар екені жайлы жиі айтылған ойларына қарамастан, поэманың соңғы тараулары – өте жабығыңқы және өлім салтанатының бітпес қайғысы туралы баяндалған. Ескендір осының бәріне көндіккен, ол ажал табалдырығында тұр. Кенет ол өзіне ғұламаларды шақыруды талап етеді: мүмкін олар мұны өлімнен құтқарып қалар, бұған өлуге әлі ерте ғой. Алайда күші кетіп, әлсіреген ол тағы да тағдырына бойұсынатынын айтады. Низами Ескендірдің солып бара жатқанын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, өліп бара жатқан адамның психологиялық күйін аса бір нәзіктікпен жеткізеді. «Дегенмен поэманың қорытынды тараулары көңілсіз сипат алады. Ескендір өлімінен кейін Румды дәп бір індет жайлап алғандай болды: Ескендірдің анасы, Аристотель, Хормус, Платон, Валис, Булинас, Фарфорий, Сократ өледі. Бұл адамзатқа берілген қатаң ескерту сияқты еді: адам әрқашан өлімді естен шығармай, оған жер бетінде әділ өмір сүріп жүріп дайындалу керек» (Стариков, 1961: 143).

*Поэманың дереккөздері жөнінде біраз сөз*

Низами поэманы жазу барысында біраз кітаптарды пайдаланғанын айтады: пехлевей, еврей, христиандық кітаптар мен Фирдоуси поэмасын жақсы білетіндігін айтады. Дегенмен Ескендір тарихы оқиғалары ерікті түрде өрбитін, мазмұны жағынан мүлде өзгеше шығарманың ту-

уына тірек болды. Фирдоуси шығармасында псевдокаллистен сызбасы анық байқалса, Низамиде ол мүлде жоқ. Ақын хикаясына авторлық қиял, танымал сюжеттердің композицияларын, сондай-ақ Шығысқа кең тараған аңыздар мен ертегі желілерін қосқан. Низами поэмасындағы зинджа туралы эпизодтың орта ғасырдағы ағылшын балладасымен ұқсастағы да бар екені айтылып жүр. Шығыс ертегілерінде жылан құдығынан бүркіттің көмегімен алмас өндіру туралы мотив көп кездеседі. Алмас алқабы – Низамидегі Ескендір көрген кереметтердің бірі.

Низами поэмасына Ескендір туралы Шығыс халықтарының көбіне кең танымал аңыздары енді, соның кең тарағаны – Ескендірдің мүйізі туралы. Низамиде Ескендірдің өзін бір уыс топырақ ұстаған қолдарын көтеріп жерлеу туралы өсиет айтылатын аңыз бар. Бұл аңыз Әзірбайжан фольклорында, сондай-ақ қазақтарда кездеседі. Мұның Низамиге дейін бар аңыз екенін немесе оны ақынның өзі шығарғанын тап басып айту қиын, белгілісі – Низами поэмасының халық шығармашылығымен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Бұл аңыз поэмадағы негізгі идеялардың бірі, яғни жер бетіндегі өмірдің баянсыздығы туралы оймен қабысады. Сондықтан фольклорлық аңыздардың поэманың идеялық мазмұнына өзіндік үлесін қосқанын айта кету керек.

### Қорытынды

Низамидің «Ескендір-намесі» – ел басқару ісінде билеушіге жол көрсетіп қана қоймайды, ол бүкіл адамзатқа арналып айтылған өсиет-туынды. Ақын адам өмірінің мән-мағынасын анықтайды. Низами поэмасы өзінен кейінгі Әмір Хұсрау, Жәми, Науаи сияқты ақындардың шығармашылығына жол ашқан шамшырақ іспетті.

### Әдебиеттер

- Фирдоуси. (1964) Шахнаме. – М.  
Мелетинский Е.М. (1968) «Эдда» и ранние формы эпоса. – М.  
Бертельс Е.Э. (1965) Роман об Александре и его главные версии на востоке. Избранные труды. Т. «Новои и Джамии». – М.  
Брагинский И.С. (1956) Из истории таджикской народной поэзии. – М.  
Конрад Н.И. (1972) Запад и Восток. – М.  
Османов М.Н. (1959) Фирдоуси. Жизнь и творчество. – М.  
Бертельс Е.Э. (1953) Низами. – М.  
Маковельский А.О. (1947) О поэме Низами «Искандернаме». – Баку.  
Низами Гянджеви. (1957) Искандернаме. – Баку.  
Бойназаров Ф.А. (1990) Проблемы традиции и современности // Образ и личность Александра Македонского. – М.  
Аббасов Эли. (1966) Низами Кэнчэвинин «Искэндэрнамэ» поэмасы. – Баку.  
Гаджиев А.А. (1980) Ренессанс и поэзия Низами Гянджави. – Баку.  
Крымский А.Е. (1981) Низами и его современники. – Баку.



- Рустамов Э.Р. (1963) Узбекская поэзия в первой половине XV века. – М.  
Стариков А.А. (1961) К вопросу о традиции эпической «пятерицы» в литературах восточного средневековья. – М.

**References**

- Firdousi Shahname. – Moskva, 1964  
Meletinskii E.M. «Edda» i rannie formy eposa. – Moskva, 1968  
Bertel's E.E. Roman ob Alexandre I ego glavnyie versii na vostoke. – Izbrannyye trudy. T. «Novoi i Dzhami». – Moskva, 1965  
Braginskii I.S. Iz istorii tadjikskoi narodnoi poezii. – Moskva, 1956  
Konrad N.I. Zapad i Vostok. – Moskva, 1972  
Osmanov M.N. Firdousi. Zhiz'n i tvorchestvo. – Moskva, 1959  
Bertel's E.E. Nizami. – Moskva, 1953  
Makovel'skii A.O. O poeme Nizami «Iskandername». – Baku, 1947.  
Nizami Giyandzhevi. Iskandername. – Baku, 1957  
Boinazarov F.A. Problemy tradicii i sovremennosti // Obraz i lichnost' Alexandra Makedonskogo. – Moskva, 1990  
Abbasov Eli. Nizami Kenchevinin «Iskandername» poemasy. – Baku, 1966  
Gadzhiev A.A. Renessans i poeziya Nizami Giyandzhavi. – Baku, 1980  
Krymskii A.E. Nizami i ego sovremenniki. – Baku, 1981  
Rustamov E.R. Uzbekskaya poeziya v pervoi polovine XV veka. – Moskva, 1963  
Starikov A.A. K voprosu o tradicii epicheskoi «pyatericy» v literaturah vostochnogo srednevekoviya. – Moskva, 1961